

Адвокаттық қызметпен байланысты емес ақылы заң қызметін, адвокаттық және нотариалдық қызметтер көрсетуді лицензиялау мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 15 тамыздағы N 1262. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.07.25. N 773 қаулысымен

ЕСКЕРТУ. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.03.01. N 330 қаулысымен

ЕСКЕРТУ. Атауы өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.11.02. N 1389 қаулысымен .

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына , "Қазақстан Республикасы Президентінің "Лицензиялау туралы" заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:<*>

1. Қоса беріліп отырған:

Адвокаттық қызметпен байланысты емес ақылы заң қызметін көрсетуді лицензиялаудың тәртібі туралы ереже;
< * >

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.11.02. N 1389 қаулысымен

2. "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 сәуірдегі Заңы қабылданғанға дейін Адвокаттық қызметпен байланысты емес заң қызметін көрсетуді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар 1998 жылдың 1 сәуіріне дейін мұндай қызметтер көрсету құқығына арналған лицензия алуы тиіс деп белгіленсін.<*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚРҮ-нің 1998.01.30. N 56 қаулысымен .

3. Қоса беріліп отырған:

адвокаттық қызметпен байланысты емес ақылы заң қызметтерін көрсету құқығына арналған мемлекеттік лицензияның (заңды тұлғаларға арналған) (1-қосымша) ;

адвокаттық қызметпен байланысты емес ақылы заң қызметін көрсету құқығына арналған мемлекеттік лицензияның (жеке тұлғаларға арналған) (2-қосымша) ;

4 - а б з а ц < * >

5 - а б з а ц < * >

жылжымайтын мүлікті бағалау жөніндегі қызметтерді жүзеге асыру құқығына арналған мемлекеттік лицензияның (заңды тұлғаларға арналған) (5-қосымша) ;

жылжымайтын мүлікті бағалау жөніндегі қызметтерді жүзеге асыру құқығына арналған мемлекеттік лицензияның (жеке тұлғаларға арналған) (6-қосымша) нысандары бекітілсін.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақтың 4,5 абзацтары күшін жойды - ҚРҰ-нің 1998.12.23. N 1325 және 2001.11.02. N 1389 қаулыларымен.

4. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасына лицензиялардың бланкілерін дайындауға арналған тапсырыстарын орналастырсын.<*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.01. N 330 қаулысымен .

5. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

3-бағандағы реттік саны 17 жолдағы "сот-сараптау қызметі" деген сөздерден кейін "нотариалдық және адвокаттық қызметпен байланысты емес" ақылы заң қызметін көрсету және жылжымайтын мүлікті бағалау" деген сөздермен толықтырылсын .

6. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бөлінген қаржы қаражаты мен қолда бар штат санының шегінде адвокаттық қызметпен байланысты емес ақылы заң қызметін көрсетуге арналған лицензияларды, адвокаттық және нотариалдық қызметтер көрсету құқығына арналған лицензияларды, мүлікті бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензияларды беруді ұйымдастыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.<*>

ЕСКЕРТУ. 6-тармақтан сөзде алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1998.01.30. N 56 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.11.02. N 1389 қаулысымен .

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 15 тамыздағы
N 1262 қаулысымен
бекітілген

ЕСКЕРТУ. Мәтініндегі сөздер ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2000.03.01. N 330 қаулысымен .

**Адвокаттық қызметпен байланысты емес ақылы заң
қызметін лицензиялаудың тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ**

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына сәйкес әзірленген осы Ереже ақылы заң қызметін көрсетуді лицензиялау субъектілерін, оларға лицензия алу кезінде ұсынылатын біліктілік талаптарын, адвокаттық қызметпен байланысты емес ақылы заң қызметін көрсетуге арналған лицензияларды берудің, олардың қолданылуын тоқтата тұрудың және тоқтатудың, сондай-ақ кері қайтарып алудың тәртібі мен шарттарын айқындайды .

I. Жалпы ережелер

1. Адвокаттық қызметпен байланысты емес ақылы заң қызметін лицензиялауды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитеті (бұдан әрі - лицензиар) жүзеге асырады.<*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1998.01.30. N 56
қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.11.02. N 1389
қаулысымен .

2. Осы Ережеге сәйкес лицензиялауға Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдік азаматтарға, азаматтығы жоқ адамдарға, олардың ұйымдық-құқықтық нысандарына қарамастан Қазақстан Республикасының аумағында қызмет істейтін заңды тұлғаларға, Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына, шетелдік заңды тұлғаларға (бұдан әрі - Лицензиат) көрсетілетін адвокаттық қызметпен байланысты емес ақылы заң қызметкері жатады. <*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.01. N 330
қаулысымен .

3. Мемлекеттік органдардың құрылымындағы заң қызметтерінің, адвокаттар алқаларының, сондай-ақ ақылы заң қызметтерін көрсетумен байланысты емес өзге де заң қызметтерінің қызметі лицензиялауға жатпайды. <*>

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.01. N 330
қаулысымен .

4. Лицензияны белгіленген нысан бойынша Лицензиар береді.
Адвокаттық қызметпен байланысты емес ақылы заң қызметін көрсетуге арналған лицензия заңды тұлғалардың (филиалдардың), сондай-ақ заңды тұлға

құрмастан кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы жеке тұлғалардың қызметтің осы түрімен айналысуға арналған құқығын куәландыратын құжат болып т а б ы л а д ы .

5. Лицензия басқа заңды немесе жеке тұлғаға берілмейді.

6. Осы Ережеге сәйкес жеке адамға берілген лицензияны оның иесі адвокаттық немесе нотариалдық қызметтерді жүзеге асыру үшін пайдалана а л м а й д ы .

7. Лицензия басты, тұрақты болып табылады және оның қызметі Қазақстан Республикасының барлық аумағына қолданылады. <*>

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.03.01. N 330 қ а у л ы с ы м е н .

8. Лицензиялар бланкілерін дайындауды, есепке алуды және сақтауды Лицензиар жүзеге асырады.

9. Лицензиар лицензиаттар туралы, сондай-ақ берілген, қолданылуын тоқтатқан және кері қайтарылып алынған лицензиялар және қолданылуы тоқтатыла тұрған лицензиялар туралы мәліметтер енгізілетін лицензиялардың тізілімін жүргізеді. Тізілімді жүргізудің нысаны мен тәртібін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілейді.

II. Лицензиаттарға қойылатын біліктілік талаптары

10 . Жеке адам :

Қазақстан Республикасы білім беру мекемесінің жоғары заң білімі туралы дипломы немесе шетелдік мемлекет білім беру мекемесінің Қазақстан Республикасының заң актілерінде немесе Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарда көзделген тәртіппен және талаптарда Қазақстан Республикасында танылған жоғары заң білімі туралы дипломы;

заң мамандықтары бойынша кемінде екі жылғы жұмыс стажы Қазақстан Республикасының аумағында; <*>

Шетелдік мемлекеттік білім беру мекемесінің жоғары заң білімі туралы дипломы бар адам осы дипломды берген мемлекеттің заңдары бойынша консультациялар түрінде ақылы заң қызметін көрсетуге құқылы.

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.03.01. N 330 қ а у л ы с ы м е н .

11 . Заңды тұлғалар :

заңды тұлғаларды, шетелдік заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы к у ә л і г і ;

сауда тізілімінің көшірмелері немесе өз елінің заңдары бойынша осындай болып табылатындығын растайтын басқа да құжаты;<*>

қызметтің лицензияланатын түрі олардың жарғыларында (коммерциялық емес ұйымдар үшін)" бекітілуі; <*>

оларда осы Ереженің 10-тармағының талаптарына жауап беретін, заң қызметтерін көрсету жөніндегі заңды тұлғаның атынан қызметкердің (қызметкерлердің) немесе қатысушының (қатысушылардың) болуы кезінде адвокаттық қызметпен байланысты емес ақылы заң қызметтерін көрсетуге арналған лицензиялар алуға өтініш беруге құқылы. <*>

Егер шетелдің қатысуымен заңды тұлғаның, атынан адвокаттық қызметпен байланысты емес ақылы заң қызметтерін көрсететін екі және одан да көп тұлғалар қатысқан жағдайларда, олардың кемінде жартысы осы Ереженің 10-тармағының талаптарына жауап беретін, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылуы қажет. <*>

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.01. N 330 қаулысымен .

III. Лицензияларды берудің шарттары мен тәртібі

12. Жеке адамдар лицензиялар алу үшін лицензиялық органға:
Лицензиар белгілеген нысан бойынша өтініш;
лицензиялық алымды төлегендігі туралы квитанция немесе төлем тапсырмасының көшірмесін;

жоғары заң білімі туралы дипломының көшірмесін;
еңбек кітапшасының немесе заңгерлік мамандығы бойынша талап етілетін жұмыс стажын растайтын құжаттың нотариалдық расталған көшірмесін; <*>

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.01. N 330 қаулысымен .

13. Заңды тұлғалар (шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары) лицензиялар алу үшін лицензиялық органға:
заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің (шетелдік заңды тұлғаның филиалының есептік тіркелуі туралы куәліктің) нотариалдық расталған көшірмесін;

заңды тұлғаның жарғысының (шетелдік заңды тұлғаның филиалы туралы ереженің) нотариалдық расталған көшірмесін;

тікелей адвокаттық қызметпен байланысты емес ақылы заң қызметін көрсететін тұлғалардың тізімін;

заңды тұлғалардың (шетелдік заңды тұлғаның филиалының) сонда жұмыс істейтін немесе оның атынан қатысатын қызметкерінің жоғары заң білімі туралы дипломының көшірмесін;

заңды тұлғаның (шетелдік заңды тұлғаның филиалының), заңгерлік мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс істейтін немесе оның атынан қатысатын қызметкерінің жұмыс стажын растайтын еңбек кітапшасының немесе құжаттарының нотариалдық расталған көшірмесін; <*>

лицензиялық алымды төлегендігі туралы квитанцияны немесе төлем

тапсырмасының көшірмесін ұсынады.

ЕСКЕРТУ. 13-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.01. N 330 қаулысымен .

14. Шетелдік өкіметтердің қатысуымен шетелдерде жасалған немесе олардан шыққан құжаттар қазақ немесе орыс тіліндегі нотариалдық расталған аудармасымен, егер халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, оларды Қазақстан Республикасының консулдық мекемелері заңдастыру талаптарымен ұсынылуы тиіс .

15. Лицензиар өтініштерді қараудың нәтижелері бойынша барлық қажетті құжаттармен бірге өтініш берілген күннен бастап бір айлық мерзімнен, ал шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін - он күн мерзімнен кешіктірмей лицензияларды беру немесе беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды. <*>

ЕСКЕРТУ. 15-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.01. N 330 қаулысымен .

16. Лицензиатқа берілген лицензияларға ол лицензиялардың тізіліміне енгізілетін тіркеу нөмірі беріледі.

17. Лицензиат жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, заңды тұлғаның атауы өзгерген жағдайда бір ай мерзімде, оған көрсетілген өзгерісті растайтын құжатты қоса беру арқылы, лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге міндетті.

Лицензияны қайта ресімдеу үшін осы Ереженің 33-тармағында көзделген тәртіппен лицензиялық алым алынады.

Лицензия жоғалған кезде Лицензиаттың жазбаша өтініші бойынша 10 күннің ішінде лицензияның көшірмесі беріледі. Лицензияның көшірмесін бергені үшін осы Ереженің 33-тармағында көзделген тәртіппен лицензиялық алым төленеді. <*>

ЕСКЕРТУ. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.03.01. N 330 қаулысымен .

IV. Лицензияларды беруден бас тарту

18. Лицензияларды беруден "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңының 19-бабында көзделген негіздер бойынша бас тартылуы мүмкін.

19. Лицензиялар беруден бас тартылған кезде өтініш берушіге лицензияларды беру үшін белгіленген мерзімдерде, бас тартудың себептері көрсетіле отырып, жазбаша түрде дәлелді жауап тапсырылады.

20. Бас тарту туралы шешім сотқа шағымдалуы мүмкін.

V. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату. Лицензияларды кері қайтарып алу

21. Лицензияның қолданылуын Лицензиар: Лицензиаттың лицензия беру үшін негіз болып табылатын құжаттарда анық

емес немесе әдейі бұрмаланған ақпараттар ұсынуы фактісі анықталған;
Лицензиат заңды тұлға атауының немесе төлқұжаттық мәліметтердің өзгергендігі туралы мәліметті лицензиарға бір ай мерзім ішінде хабарламаған;
Лицензиаттың (заңды тұлғаның) тарату процесінде болуы; <*>
прокуратура органдары және салық қызметтері Лицензиардың лицензиялайтын қызметтерін тексерудің нәтижесінде анықталған заңдар нормаларының бірнеше мәрте бұзылуы;
Лицензиат Лицензиарға осы Ережеде белгіленген мәліметтерді беруден бас тартуы жағдайларында алты айға дейін мерзімге тоқтата тұруы мүмкін.

ЕСКЕРТУ. 21-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.01. N 330 қаулысымен

22. Лицензиар лицензияның қолданылу мерзімін тоқтата тұру туралы лицензиаттарға оның себептерін көрсете отырып, мұндай шешім қабылдағаннан кейінгі бір апталық мерзімде жазбаша түрде хабарлайды.

2 3 . < * >

ЕСКЕРТУ. 23-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.03.01. N 330

қ а у л ы с ы м е н

24. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру, тоқтата тұру кезеңінде адвокаттық қызметпен байланысты емес ақылы заң қызметін көрсетуге тыйым салуға әкеп соқтырады.

25. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы Лицензиардың шешіміне сотқа шағым жасалуы мүмкін.

26. Лицензияның қолданылуы "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңының 21-бабында көзделген жағдайларда да тоқтатыла тұруы мүмкін.

27. Лицензияның қолданылуының мерзімінен бұрын тоқтатылуы Лицензиардың шешімімен ресімделеді және ол туралы лицензияның тізіліміне тиісті жазба енгізіледі.

28. Лицензияның қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Лицензиат лицензияны он күндік мерзімде оның ішінде соттың шешімін атқару тәртібімен оны берген органға қайтаруы тиіс.

2 9 . < * >

ЕСКЕРТУ. 29-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.03.01. N 330

қ а у л ы с ы м е н

30. Лицензия "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңының 22-бабында көзделген жағдайларда сот тәртібімен кері қайтарылып алынуы мүмкін.

VI. Лицензиаттардың құқықтары мен міндеттері

31. Лицензиаттар:

шарттық талаптарға адвокаттық қызметпен байланысты емес ақылы заң қызметтерін көрсетуге;

лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату мәселесі жөніндегі барлық материалдармен танысуға, сондай-ақ лицензиар бұл материалдарды қараған кезде қатысуға құқылы.

32. Лицензиаттар:

Қазақстан Республикасы заңдарының нормалары мен талаптарын сақтауға; Лицензиарға Лицензиатқа лицензияларды беру кезінде қойылған талаптардың сақталуына бақылау жасауы үшін қол жеткізуді қамтамасыз етуге;

Лицензиардың сұратуы бойынша анықтамалық және лицензияланатын қызметтер көрсетуімен байланысты басқа да мәліметтер ұсынуға;

заңды тұлғаны тарату туралы қабылданған шешім туралы, мұндай шешімді қабылдаған органға қарамастан, Лицензиарға хабарлауға міндетті.<*>

Лицензиарға орналасқан жерінің өзгергені туралы хабарлауға міндетті.<*>

ЕСКЕРТУ. 32-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.01. N 330 қаулысымен .

VII. Лицензиялық алым

33. Лицензиат қолданылып жүрген заңдарға сәйкес лицензиялық алым төлейді .

Лицензияларды қайта ресімдеу үшін заңдарда белгіленген лицензиялық алымның негізгі ставкасынан 50 процент мөлшерінде ақы алынады. <*>

Лицензиялардың көшірмесін бергені үшін лицензияларды беру кезінде қолданылып жүрген заңдарда белгіленген мөлшерде лицензиялық алым алынады .

< * >

ЕСКЕРТУ. 33-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.01. N 330 қаулысымен .

34. Лицензиялық алым лицензиялар алынғанға дейін енгізіледі.

Квитанция немесе төлем тапсырмасының көшірмесі Лицензиарға беріледі.

35. Егер Лицензиат лицензияның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін ақылы заң қызметін көрсетуге кіріспесе немесе оны тоқтатса, лицензиялық алымды қайтару немесе оның мөлшерін қайта есептеу жүргізілмейді.

VIII. Лицензиаттың Қазақстан Республикасының заңдары мен осы Ережеде белгіленген талаптарды сақтауына бақылау жасау

36. Лицензиаттың Қазақстан Республикасының заңдары мен осы Ережеде белгіленген талаптарды сақтауына бақылау жасауды Лицензиар жүзеге асырады.

Тексерулерді жүргізудің, олардың тұрақтылығының және мерзімдердің тәртібін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Лицензиар айқындайды.

ІХ. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен оның аумақтық органдарының арасындағы ақылы заң қызметін лицензиялау жөніндегі функцияларды шектеу

ЕСКЕРТУ. ІХ-тарау алып тасталды - ҚРҰ-нің 1998.01.30. N 56

қаулысымен .

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 7 ж ы л ғ ы 1 5 т а м ыз д а ғ ы

N 1 2 6 2 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген <*>

ЕСКЕРТУ. Мәтініндегі сөздер ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2000.03.01. N 330 қаулысымен .

Жылжымайтын мүлікті бағалау жөніндегі қызметті лицензиялаудың тәртібі туралы

ЕРЕЖЕ

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына сәйкес жазылған осы Ереже, жылжымайтын мүлікті бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияларды берудің тәртібі мен шарттарын, лицензияларды беруден бас тартудың, олардың қолданылуын тоқтата тұрудың, тоқтатудың және кері қайтарып алудың негізін және лицензиялар алуға үміткерлерге біліктілік талаптарын айқындайды.

I. Жалпы ережелер

1. Жылжымайтын мүлікті бағалау жөніндегі қызметті лицензиялауды қызметтің осы түрін мемлекеттік реттеу, республикада жылжымайтын мүлік рыногын дамыту және аталған салаға инвестицияларды тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі (бұдан әрі - Лицензиар) жүзеге асырады . < * >

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.01. N 330

қ а у л ы с ы м е н .

2. Лицензияны белгіленген нысан бойынша Лицензиар береді.

3. Жылжымайтын мүлікті бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия, заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның қызметтің осы түрімен айналысуға арналған құқығын куәландыратын құжат болып табылады.

4. Лицензияларды беру бірдей негіздерде және қызметтің аталған түрі үшін осы Ережеде белгіленген талаптарға жауап беретін барлық тұлғаларға арналған шарттарда жүзеге асырылады .

5. Жылжымайтын мүлікті бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға тек лицензиясы болған кезде ғана жол беріледі.

6. Лицензияларды басқа тұлғаларға беруге тыйым салынады.

7. Лицензия басты, тұрақты болып табылады және оның қызметі Қазақстан Республикасының барлық аумағына қолданылады. <*>

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.03.01. N 330 қаулысымен .

8. Лицензия бланкісі қатаң есеп беру бланкісі болып табылады және оның есептік нөмірі болады.

9. Лицензиялық құжаттардың бланкілерін, берілген лицензиялардың көшірмелерін есепке алу мен сақтауды және оларды тіркеуді лицензиар жүзеге асырады .

10. Лицензиар лицензиаттар туралы, сондай-ақ берілген, қолданылуы тоқтатылған немесе кері қайтарылып алынған лицензиялар және қолданылуы тоқтатыла тұрған лицензиялар туралы мәліметтер енгізілетін лицензиялардың тізілімін жүргізеді. Тізілімді жүргізудің нысаны мен тәртібін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілейді.

II. Лицензиаттарға қойылатын біліктілік талаптары

11. Заңды тұлғалар :
мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі;
қызметтің лицензияланатын түрі олардың жарғысында (коммерциялық емес ұйымдар үшін) бекітілген; <*>

оларды жылжымайтын мүлікті бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензиясы бар қызметкердің (лердің) болуы кезінде бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияларды алуға өтініш беруге құқылы .

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.01. N 330 қаулысымен .

12. Жеке адамдар :

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орны берген дипломының немесе Қазақстан Республикасының заң актілерінде немесе Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарда көзделген тәртіп пен талаптарда Қазақстан Республикасында танылған шетелдік мемлекеттің дипломымен расталған жоғары экономикалық немесе техникалық білімі;

кемінде екі жыл жылжымайтын мүлікті бағалау саласындағы жұмыс тәжірибесі не кемінде 2 жыл жылжымайтын мүлік объектілерін техникалық түгендеу (техникалық зерттеу) жөніндегі жұмыс тәжірибесі; <*>

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.01. N 330 қаулысымен .

III. Лицензияларды берудің шарттары мен тәртібі

13. Жылжымайтын мүлікті бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиялар осы Ережеде ұсынылған біліктілік талаптарына жауап беретін заңды немесе жеке тұлғаларға беріледі.

14. Заңды тұлға лицензия алу үшін Лицензиарға мынадай құжаттарды:
Лицензиар бекіткен нысан бойынша өтініш;
лицензиялық алымды төлегендігі туралы квитанцияны немесе төлем тапсырмасының көшірмесін;
заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесін, сауда тізілімінің немесе шетелдік заңды тұлғаның өз елінің заңдары бойынша заңды тұлға болып табылатындығын растайтын басқа да құжаттың нотариалдық расталған көшірмесін; <*>

нотариалдық расталған жарғының көшірмесін немесе заңды тұлғаның қызметін көрсету арқылы, одан көшірмені;
лицензияның (лицензиялардың) көшірмелерін қоса беру арқылы жылжымайтын мүлікті бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясы бар тұлғалардың тізімін ұсынады.

заңды тұлғаның атынан жұмыс істейтін немесе әрекет ететін қызметкер(лер)дің еңбек кітапшасының жылжымайтын мүлікті бағалау саласындағы талап етілетін жұмыс тәжірибесін не жылжымайтын мүлік объектілерін техникалық түгендеу (техникалық зерттеу) жөніндегі жұмыс тәжірибесін растайтын немесе өзге де құжаттың нотариалдық расталған көшірмесін; <*>

заңды тұлғаның атынан жұмыс істейтін немесе әрекет ететін қызметкер(лер)дің жоғарғы экономикалық немесе техникалық білімі туралы дипломының нотариалдық расталған көшірмесін ұсынады. <*>

ЕСКЕРТУ. 14-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.01. N 330 қаулысымен

15. Жеке адамдар жылжымайтын мүлікті бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияларды алу үшін Лицензиарға мынадай құжаттарды:

Лицензиар бекіткен нысан бойынша өтініш;
лицензиялық алымды төлегендігі туралы квитанцияны немесе төлем тапсырмасының көшірмесін;

еңбек кітапшаның немесе жылжымайтын мүлікті бағалау саласындағы талап етілетін жұмыс тәжірибесін не жылжымайтын мүлік объектілерін техникалық түгендеу (техникалық зерттеу) жөніндегі жұмыс тәжірибесін растайтын басқа да құжаттың нотариалдық расталған көшірмесін; <*>

төлқұжатын немесе оны алмастыратын өзге де құжатты (жеке басының куәлігін, әскери билетін) ұсынады.

ЕСКЕРТУ. 15-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.01. N 330

қ а у л ы с ы м е н .

16. Лицензия беру немесе оны беруден бас тарту туралы шешім, барлық қажетті құжаттармен бірге, өтініш берілген күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірмей, ал шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін - он күн мерзімнен кешіктірмей қабылданады. < * >

ЕСКЕРТУ. 16-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.01. N 330

қ а у л ы с ы м е н .

17. Лицензиатқа берілген лицензияларға ол лицензиялар тізіліміне енгізілетін тіркеу нөмірі беріледі.

18. Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, заңды тұлғаның атауы өзгерген жағдайда Лицензиат бір ай мерзімде лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге міндетті.

Лицензияны қайта ресімдеу үшін осы Ереженің 34-тармағында көзделген тәртіппен лицензиялық алым алынады.

Лицензия жоғалған кезде Лицензиаттың жазбаша өтініші бойынша 10 күннің ішінде лицензияның көшірмесі беріледі. Лицензияның көшірмесін бергені үшін осы Ереженің 34-тармағында көзделген тәртіппен лицензиялық алым алынады. < * >

ЕСКЕРТУ. 18-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.01. N 330 қаулысымен .

IV. Лицензияны беруден бас тарту

19. Лицензияны беруден "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңының 19-бабында көзделген негіздер бойынша бастартылуы мүмкін.

20. Лицензияны беруден бас тартылған кезде өтініш берушіге лицензияны беру үшін белгіленген мерзімдегі бас тартудың себептері көрсетіле отырып, жазбаша түрде дәлелді жауап тапсырылады.

21. Егер лицензия осы Ережеде белгіленген мерзімде берілмесе немесе оны беруден бас тарту өтініш берушіге негізсіз болып көрінсе, оның бір айлық мерзім ішінде бұл іс-әрекетке заңдарда белгіленген тәртіппен шағымдануға құқығы бар.

22. Лицензияны беруді:

алынған лицензияға сәйкес жүргізілетін қызмет көрсетулерді белгілі бір тұтынушыларға жүзеге асыру туралы;

көрсетілетін қызметтерге күні бұрын белгіленген бағалар бойынша белгілі бір тарифтер мен бағалаулар белгілеу туралы талаптармен байланыстыруға қиындатуға тыйым салынады.

V. Лицензияның қолданылуын кері қайтарып алу, тоқтата тұру немесе тоқтату

23. Лицензия "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңының 22-бабында көзделген жағдайларда сот тәртібімен кері қайтарылып алынуы мүмкін.

24. Лицензиар мынадай негіздер бойынша:
егер Лицензиат лицензия алған күннен бастап алты айдың ішінде жылжымайтын мүлікті бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асырмаса;
егер Лицензиардың немесе құқық қорғау органдарының лицензияланатын қызметті тексеруінің нәтижесінде заңдар нормаларының бұзылғандығы анықталса;

егер жылжымайтын мүлік объектілерінің құнын дұрыс бағаламауды айқындау фактілері анықталса;

тапсырыс берушілердің жылжымайтын мүлікті бағалау жөніндегі жұмыстардың сапасыз атқарылғандығына бірнеше мәрте және негізді шағымдары болған кезде;

егер Лицензиаттың лицензия алу үшін негіз болып табылатын құжаттарда дұрыс емес немесе әдейі бұрмаланған ақпараттар беру фактісі анықталса;

егер Лицензиат (жеке тұлға) қылмыстық іс бойынша жауапкер ретінде жауапқа тартылса немесе Лицензиат (заңды тұлға) таратылу процесінде болса лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұруға құқылы.

25. Лицензиар лицензиялардың қолданылуының тоқтата тұрылуы туралы, лицензиаттарға оның себептерін көрсете отырып, мұндай шешім қабылдағаннан кейінгі бір апталық мерзім ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

26. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру жылжымайтын мүлікті бағалау жөніндегі қызметті тоқтата тұру мерзімінде жүзеге асыруға тыйым салуға әкеп соқтырады.

27. Лицензия оны тоқтата тұрудың себептері жойылғаннан және Лицензиар 3 күндік мерзімнен кешіктірмей Лицензиатқа хабарлайтын тиісті шешім қабылдағаннан кейін қайта басталған болып саналады.

28. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы Лицензиардың шешіміне сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

29. Лицензияның қолданылуы "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңының 21-бабында көзделген жағдайларда да тоқтатылуы мүмкін.

30. Лицензияның қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату Лицензиардың шешімімен ресімделеді және ол туралы лицензияның тізіліміне тиісті жазба енгізіледі.

31. Лицензияның қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайларда

Лицензиат лицензияларды, оның ішінде сот шешімін атқару тәртібімен он күндік мерзім ішінде оны берген органға қайтаруы тиіс.

VI. Лицензиаттардың құқықтары мен міндеттері

32. Лицензиаттар:

шарттық талаптарға жылжымайтын мүлікті бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға;

лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату мәселесі жөніндегі барлық материалдармен танысуға, сондай-ақ Лицензиар бұл материалдарды қараған кезде қатысуға құқықты.

33. Лицензиаттар:

Қазақстан Республикасы заңдарының нормалары мен талаптарын сақтауға; Лицензиарға Лицензиатқа лицензияны беру кезінде қойылатын талаптардың сақталуына бақылау жасауға қол жеткізуді қамтамасыз етуге;

Лицензиардың сұратуы бойынша анықтамалық және қызмет көрсетуге байланысты басқа да мәліметтерді беруге;

Лицензиарға көрсетілетін қызметтердің сапасына шағымдар бойынша және кәсіби-әдеп ережелерінің сақталмауы мәселелері бойынша түсініктеме беруге;

жылжымайтын мүлікті бағалау жөніндегі құжатты лицензияның нөмірін көрсете отырып өз қолымен бекітуге (және заңды тұлғалар үшін - ұйымның басшысының қолымен бекітуге) міндетті.

Лицензиарға мұндай шешімді қабылдаған органға қарамастан заңды тұлғаны тарату туралы қабылданған шешім туралы хабарлауға; <*>

Лицензиарға орналасқан (тұратын) жерінің өзгергені туралы хабарлауға. < * >

ЕСКЕРТУ. 33-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.01. N 330 қаулысымен .

VII. Лицензиялық алым

34. Лицензия қолданып жүрген заңдарға сәйкес лицензиялық алым төлейді.

Лицензияларды қайта ресімдеу үшін заңдарда белгіленген лицензиялық алымның негізгі ставкаларынан 50 процент мөлшерінде ақы алынады.

Лицензиялардың көшірмесін бергені үшін лицензияларды беру кезінде қолданылып жүрген заңдарда белгіленген лицензиялық алым алынады. <*>

ЕСКЕРТУ. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.03.01. N 330 қаулысымен .

35. < * >

ЕСКЕРТУ. 35-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.03.01. N 330 қаулысымен .

36. Лицензиялық алым лицензиялар алынғанға дейін енгізіледі.

37. Егер Лицензиат жылжымайтын мүлікті бағалау жөніндегі

қызметке кіріспеген немесе оны тоқтатқан жағдайда ақыны қайтару немесе қайта есептеу жүргізілмейді.

VIII. Лицензиаттың Қазақстан Республикасының заңдары мен осы Ережеде белгіленген талаптарды орындауына бақылау жасау

38. Лицензиаттың Қазақстан Республикасының заңдары мен осы Ережеде белгіленген талаптарды орындауына бақылау жасауды Лицензиар жүзеге асырады.

Тексерулерді жүргізудің, олардың тұрақтылығы мен мерзімдердің тәртібін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Лицензиар айқындайды.

IX. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен оның аумақтық әділет органдарының арасындағы жылжымайтын мүлікті бағалау жөніндегі қызметті лицензиялау жөніндегі функцияларға шек қою

39. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі: бағалау қызметін лицензиялауға әдістемелік басшылықты;

Қазақстан Республикасының бірнеше облыстарының аумағында немесе бүкіл аумағында өзінің қызметін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға жылжымайтын мүлікті бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиялар беруді;

лицензиаттар мен аумақтық әділет органдарының лицензиялау мәселелері жөніндегі қызметіне бақылау жасауды;

лицензиаттар деректерінің бірыңғай банкін қалыптастыруды; аумақтық әділет органдарының лицензиялау мәселелері жөніндегі қызметіне шағымдарды қарауды жүзеге асырады.

40. Аумақтық әділет органдары:

тиісті облыстың (қаланың) аумақтарында өзінің қызметін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға жылжымайтын мүлікті бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиялар беруді;

лицензиялардың бланкілеріне есеп жүргізуді және сақтауды, лицензиялардың тізілімін жүргізуді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 15 тамыздағы

№ 1262 қаулысына

1-қосымша <*>

ЕСКЕРТУ. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.03.01. № 330 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Елтаңбасы

**Адвокаттық қызметпен байланысты емес
ақылы заң қызметін көрсету құқығына
Мемлекеттік лицензия**

_____ берілді

(заңды тұлғаның, филиалдың толық атауы)

Мемлекеттік лицензия басты, тұрақты болып табылады және оның күші Қазақстан Республикасының барлық аумағында қолданылады.

Лицензияны берген мемлекеттік орган _____

(мемлекеттік мекеменің толық атауы)

Берілген күні " ____ " _____ ЖЫЛ
Тіркеу N _____

(лицензиялық орган басшысының аты-жөні мен қолы).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1997 жылғы 15 тамыздағы
N 1262 қаулысына
2-қосымша <*>

**ЕСКЕРТУ. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.03.01.
N 330 қаулысымен .**

Қазақстан Республикасының Елтаңбасы

**Адвокаттық қызметпен байланысты емес
ақылы заң қызметін көрсету құқығына
Мемлекеттік лицензия**

_____ берілді

(заңды тұлғаның, филиалдың толық атауы)

Мемлекеттік лицензия басты, тұрақты болып табылады және оның күші Қазақстан Республикасының барлық аумағында қолданылады.

Лицензияны берген мемлекеттік орган _____

(мемлекеттік мекеменің толық атауы)

Берілген күні " ____ " _____ ЖЫЛ
Тіркеу N _____

(лицензиялық орган басшысының аты-жөні мен қолы).

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

1997 жылғы 15 тамыздағы

№ 1262 қаулысына

3-қосымша

**Қазақстан Республикасының елтаңбасы
МЕМЛЕКЕТТІК ЛИЦЕНЗИЯ**

№ _____

_____ (жеке тұлғаның толық аты-жөні)

адвокаттық қызмет атқару құқығына берілді.

Лицензия бас лицензия болып табылады және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылады.

Лицензияны берген Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
Әділет министрі _____

Лицензияның берілген күні " _____ " _____ 199__
ж ы л .

Лицензияның нөмірі № _____
_____ қаласы

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 15 тамыздағы

№ 1262 қаулысына

4-қосымша

**Қазақстан Республикасының елтаңбасы
МЕМЛЕКЕТТІК ЛИЦЕНЗИЯ**

№ _____

_____ (жеке тұлғаның толық аты-жөні)

нотариалдық қызмет көрсету құқығына берілді.

Лицензия бас лицензия болып табылады және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылады.

Лицензияны берген Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
Әділет министрі _____

Лицензияның берілген күні " _____ " _____ 199__

ж ы л .

Лицензияның нөмірі N _____

_____ қаласы

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 15 тамыздағы

N 1262 қаулысына

5-қосымша <*>

ЕСКЕРТУ. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.03.01. N 330
қаулысымен .

Қазақстан Республикасының Елтаңбасы

**Жылжымайтын мүлікті бағалау жөніндегі
қызметті жүзеге асыру құқығына**

Мемлекеттік лицензия

_____ берілді

(жеке тұлғаның толық аты-жөні)

Мемлекеттік лицензия басты, тұрақты болып табылады
және оның күші Қазақстан Республикасының
барлық аумағында қолданылады

Лицензияны берген мемлекеттік орган _____

_____ (мемлекеттік мекеменің толық атауы)

Берілген күні" ____ " _____ жыл

Тіркеу N _____

_____ (лицензиялық орган басшысының аты-жөні мен қолы)

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 15 тамыздағы

N 1262 қаулысына

6-қосымша <*>

ЕСКЕРТУ. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.03.01.
N 330 қаулысымен .

Қазақстан Республикасының Елтаңбасы

**Жылжымайтын мүлікті бағалау жөніндегі
қызметті жүзеге асыру құқығына**

Мемлекеттік лицензия

_____ берілді
(заңды тұлғаның, филиалдың толық атауы)

Мемлекеттік лицензия басты, тұрақты болып табылады
және оның күші Қазақстан Республикасының
барлық аумағында қолданылады
Лицензияны берген мемлекеттік орган _____

_____ (мемлекеттік мекеменің толық атауы)
Берілген күні" ____ " _____ жыл
Тіркеу N _____

_____ (лицензиялық орган басшысының аты-жөні мен қолы)